

Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейі
қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№3

25.09.2024

Қатысқандар:
Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

1.Білім беру ұйымының мемлекеттік аттестаттау алдындағы өзін-өзі бағалау қорытындысы

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Р.Ф.Байғазиев қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдында мектеп-лицейдің мемлекеттік аттестаттау алдында өзін-өзі бағалауының қорытынды есебімен таныстырып өтті. Мұнда, білім беру ұйымының 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жалпы есеп беріліп өтті. Атап айтқанда білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы, кадр әлеуеті, білім алушылар контингенті, мектепалды даярлық сыныбы, оқу-әдістемелік жұмыс, оқу материалдық активтер, ақпараттық ресурстар, кітапхана қоры, білім алушылардың (4,9 сынып оқушыларының) білімін бағалау қорытындысы туралы айтып өтті. 4 сынып бойынша сапа-73%; 9 сынып бойынша сапа-63,5%.

Сонымен қатар, мұғалімдердің сапалық құрамы биылғы оқу жылында педагог-шебер-0,9%, педагог зерттеушілер-33,3%, педагог сарапшылар-24% құрап тұрғандығын, оқу жылы барысында педагогтердің перспективті жоспарға сай біліктілік курстарына жіберіліп отырғанды айтылды. Мектепте жайлы оқу ортасын құру мақсатында жан-жақты жұмыстар жүргізіліп жатқандығы, биылғы оқу жылы жаз айында 15 кабинетке интерактивті панель, 19 моноблок қосымша алынғаны айтылды.

Жарыссөз. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ұ.А.Абдукадирова- мектепте шынымен жайлы орта қалыптастыруға жұмыстар жүргізіліп жатқанын соңғы жылдары жақсы байқалады. Мектепке кіргеннен таза жарық әрі эстетикалық талғамға сай жабдықталғаны көрініп тұр.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Сұлтанова Айтолқын Усеновна мектеп директорының бүгінгі есебіне толықтай қанағаттанамын. Расымен де мектепте жақсы білім мен тәрбие алуға барлық жағдайлар жасалып жатыр. Оқу-тәрбие процесінде жүріп жатқан іс шараларды да үнемі мектептің әлеуметтік желі парақшасынан бақылап қарап отырамыз. Рақмет.

Шешім: 2024-2025 оқу жылында мемлекеттік аттестаттау алдындағы мектеп-лицейдің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша есебі білім беру ұйымдарының жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты талаптарына толықтай сай.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Мүшелері:

Ұ.А.Абдукадирова
А.С.Султанова
Г.Б.Байназарова
Б.А.Рамазанова
А.И.Темирбекова
Н.Ш. Бикетова

Хатшы: